

Пән: Математика

Күні: 31.05.2019

Сынып: 1

Мектеп: «Ескелді ауданы әкімдігінің

Қоңыр орта мектебі» КММ

Мұғалім: Тлеулиева Шынар Болатовна

Сабақтың тақырыбы

5 саны және цифры

Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаты

1 бөлім Сандар және цифрлар

2 бөлімше Математикалық тіл

1.5.2.1 цифрды саннан ажырата алу, бір таңбалы сандарды түрлі әдістермен көрнекі бейнелеу: сандық түзуде, нүктелердің, таяқшалардың жиынтығы түрінде және т.б.

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушы Цифрды саннан ажырата алады, бір таңбалы сандарды түрлі әдістермен көрнекі бейнелейді: сандық түзуде, нүктелердің, таяқшалардың жиынтығын санап үйренеді, тура және кері санай алады

Басым бөлігі 5 санының құрамымен танысады, бір таңбалы сандарды оқуды, жазуды және салыстыра алады

Кейбір оқушы 5 санына қатысты мысалдар, өрнектер құра алады, бір таңбалы сандардың құрамын анықтайды

Тілдік мақсат

Бес – пять – five.

Сан, цифр, қосу, азайту, теңдік,

**4 санынан кейін қандай сан?*

**5 санының құрамын ата*

**Бір таңбалы сандарды ата*

Бағалау критерийлері

**5 санының құрамын біледі,
салыстырады*

**Сандық сәуледегі орнын біледі*

**5 санын заттармен сәйкестендіреді*

Құндылықтарды дарыту

Өмір бойы білім алады,

ұлттық тәрбие (санамақ)

Пәнаралық байланыс

Сауат ашу.

5 санына байланысты санамақ

АКТ қолдану дағдылары

Интербелсенді тақта

Алдыңғы білім

*4 саны мен цифрін жазады, оқиды,
құрамын біледі*

Сабақтың басы

Тақтаға төрт оқушы шығарамын. Оларға 1ден 4ке дейін сандар жазылған парақшалар таратамын. Алдымен сандардың кему реті бойынша, артынан өсу реті бойынша тұруды сұраймын.

- *Ал балалар қалай ойлайсыңдар 4 тен кейін қандай сан? 5 саны*
- *Дұрыс ендеше бүгінгі сабақ қандай болмақ?*

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.

Санамақ

Бір дегенім бесік,

Шықтым содан өсіп.

Екі дегенім елім,

Далам, тауым, көлім.

Үш дегенім үміт,

Үміт артар жігіт.

Төрт дегенім төзім,

Төзе білем өзім.

Бес дегенім бақыт,

Бағалайтын уақыт

Сабақтың ортасы

Оқулықпен жұмыс.

I тапсырма. Суреттегі заттарды сана.

Олардың қайсысы 5 саны арқылы айтуға болады?

Әдіс-тәсіл Барлық оқушылармен жұмыс

Саралау Тапсырма

1 Критерий Суреттегі заттарды сипаттайды

- а) берілген заттарды атайды
- ә) түстерін анықтайды
- б) спорт түрлерін айтады

2. Критерий Заттарды санайды

- а) шаңғы санын айтады
- ә) коньки санын айтады
- б) сноуборд 5 саны екенін анықтайды

3. Критерий Теңсіздік анықтайды

- а) Түсіп қалған санды анықтайды
- ә) Дұрыс мәнін табады
- б) Салыстыру таңбаларын қояды

Бағалау: От шашу

Мақсатқа оралу

- 1. Бүгінгі сабақта қандай санмен таныстық?
- 2. Сандар қатарында 5 қандай саннан кейін тұрады?
- 3. 5 кіші сандарды атай аламыз ба?




2 критерий Бес құрамының өрнегін атау

- а) Белгісіз санды анықтайды
- ә) Қосу амалын шығарады

б) Оңшалау амалын табады

Доптарды сана.



Ы

б) Өрнектің мәнін табады

Бағалау: Жұлдызша беру

Мақсатқа оралу

1. 5 санының құрамы
2. Белгісіз сандарды ата
3. Қосу амалын шығару

III тапсырма Суреттерді мысалдармен қосып сыз

Әдіс – тәсіл Сәйкестендіру

Саралау Қарқын


1 критерий сурет пен амалды анықта

- а) Суретпен мысалмен танысады
- ә) Фигураларды атайды
- б) Амалды анықтайды

2 критерий 5 санына қатысты амалдар

- а) Мысалдар қандай санмен байланысын екенін айтады
- ә) Азайту амалы екенін табады
- б) Азайту амалын шығара алады

3 критерий Суреттер мен мысалдарды сәйкестендір



Сабақтың соңы

«Бес саусақ» әдісі арқылы
оқушылармен рефлексия жүргіземін



Ықшам сабақты қорытындылау

Жаңартылған бағдарламаның негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс – тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпалы зор. Оқушылардың барлық пәндері оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеяларымен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді.

Курсқа алғаш келген күннен бастап, көкейімізде жүрген көп сауалдардың жауаптарын алдық. Жалпы білім беру мазмұнының өзгешелігімен, ерекшелігімен таныстым. Сабақ мақсатын оқу мақсатымен сәйкестендіріп, SMART форматы арқылы жасау керек екенін білдім. Біздің білімге деген құштарлығымызды арттырып, дәріс берген тренеріміз Даулетова Гульназ Естемесовнаға айтар алғысымыз мол. Жаттықтырушымыз бізге өте әділ, мейірімді, білімді, алғыр басшы бола білді. Алдыңғы білімді өткен біліммен салыстыра, ұштастыра отырып, түсінбегенімізді қайта түсіндіріп, әр тыңдаушының санасына жеткізе білді. Курс аясында білімімізді одан әрі шындай түстік, әр сабақ тартымды, қызықты өтті.

Болашақта осы алған білімімізді сабақта тиімді пайдаланып, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырамын деген үмітім зор.